«Сандық құрастыру»

Пәні: Математика

Мақсаты: Оқушылардың кеңістіктік және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, сандық құрастыру арқылы инженерлік-конструкторлық дағдыларын қалыптастыру, математикалық білімдерін тәжірибеде қолдануға үйрету және ұлттық құндылықтарды кіріктіру негізінде STEM құзыреттіліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

- Қазақтың ұлттық сандығының құрылысы, жасалу ерекшеліктері мен мәдени маңызы туралы түсінік қалыптастыру;
- Өлшеу, салыстыру, пішіндерді анықтау, құрастыру және модельдеу дағдыларын дамыту;
- Қиып-жапсыру және құрастыру әрекеттері арқылы ұсақ моториканы, шығармашылық қабілеттерді жетілдіру;
- Топтық жұмыс барысында өзара ынтымақтастыққа, пікір алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраға қызығушылықтарын арттыру арқылы математикалық сауаттылық пен STEM бағытындағы білімдерін дамыту.

Қажетті құралдар

- Қатты картон, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, сызғыш, қарындаш, маркерлер, ұлттық ою-өрнек үлгілері, тапсырма парағы.

Тапсырма барысы

Мұғалім оқушыларға қазақтың ұлттық сандығының тұрмыстағы маңызы мен құрылымы туралы түсінік береді. Оқушылар дайын үлгі бойынша сандықтың бөліктерін өлшеп, сызып, қиып алады. Кейін бөлшектерді қатты картонға жапсырып, көлемді сандықтың моделін құрастырады. Дайын бұйымды ұлттық ою-өрнектермен безендіріп, өз жұмыстарын сынып алдында таныстырады. Ойын барысында оқушылар өлшеу, салыстыру және құрастыру әрекеттерін орындайды.

Мұғалімнің іс-әрекеті

Мұғалім тапсырманың мақсаты мен орындалу ретін түсіндіреді, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалайды және оқушыларға бағыт-бағдар береді. Өлшеу және құрастыру жұмыстары кезінде кеңес беріп, оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға

ықпал етеді. Топтық жұмысты ұйымдастырып, тапсырма соңында кері байланыс пен бағалау жүргізеді.

Оқушының іс-әрекеті

Оқушылар сандықтың бөліктерін өлшеп, сызады және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қиып алады. Бөлшектерді біріктіріп, көлемді сандықтың моделін құрастырады және ұлттық ою-өрнектермен безендіреді. Топ мүшелерімен бірлесіп жұмыс жасап, өз ойларын ортаға салады және дайын жұмыстарын қорғайды.

Қорытынды

«Сандық құрастыру» тапсырмасы оқушылардың кеңістіктік және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, инженерлік-құрастырушылық және шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Өлшеу, сызу, модельдеу және құрастыру әрекеттері арқылы оқушылардың практикалық дағдылары жетілдіріледі. Сонымен қатар, ұлттық бұйым — қазақ сандығының ерекшеліктерін танып-білу арқылы оқушылардың мәдени мұраға деген қызығушылығы мен құрметі артып, STEM бағытындағы білімдері ұлттық құндылықтармен ұштасады.

